

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ
УНИВЕРСИТЕТІ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

1-қосымша

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық
қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ-
ның

2026 жылғы 16 маусымдағы № 88-П бұйрығына



БАҒДАРЛАМА

Білім беру бағдарламаларының

B042 – Журналистика және репортерлік іс тобына

6B03201 – Журналистика

білім беру бағдарламасы бойынша талапкерлерге арналған
шығармашылық емтихандарды өткізу

Алматы
2026


ӘЗІРЛЕНДІ

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ Менеджмент және халықаралық коммуникациялар факультетінің Халықаралық коммуникациялар кафедрасында.

Халықаралық коммуникациялар кафедрасының отырысында қаралып, бекітуге ұсынылды.

2026 жылғы «12» маусымдағы № 10 хаттама.

Кафедра меңгерушісі

 О.Я. Ким

КЕЛІСІЛДІ

Лауазымы

Қолы

Аты-жөні

Күні

Менеджмент және халықаралық коммуникациялар факультетінің деканы



М.Х. Жубанова

2026 жылғы «15» маусым

Оқу жұмысы жөніндегі проректордың міндетін атқарушы



К.Ч. Байсултанова

2026 жылғы «15» маусым

Заңгер



И.Г. Рабцун

2026 жылғы «15» маусым

Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы



Г.С. Егенбаева

2026 жылғы «15» маусым

МАЗМҰНЫ

1	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	4
2	ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ	5
3	БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН (ШЫҒАРМА)	7
4	ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН (ӨҢГІМЕЛЕСУ)	10
5	ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІН РӘСІМДЕУ	13
6	ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАРИЯЛАУ ЖӘНЕ АПЕЛЛЯЦИЯЛАРДЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ	14
7	ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	15
	1-қосымша	16
	2-қосымша	17
	3-қосымша	18
	4-қосымша	20
	5-қосымша	22
	6-қосымша	23
	7-қосымша	25

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы шығармашылық емтихандарды өткізу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «6B03201 – Журналистика» білім беру бағдарламасы бойынша B042 – «Журналистика және репортерлық іс» білім беру бағдарламалары тобына оқуға қабылдау кезінде шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу тәртібін, олардың мазмұнын, бағалау критерийлерін, талапкерлерге қойылатын талаптарды, нәтижелерді жариялау және апелляцияларды қарау тәртібін «Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ-да (бұдан әрі – Университет) айқындайды.

1.2 Бағдарлама:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына (өзгерістері мен толықтыруларын ескере отырып) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар);

- «Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ-ға оқуға қабылдау қағидаларына;

- жоғары білім беру ұйымдарына қабылдау мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

1.3 Үлгілік қағидаларға сәйкес B042 – «Журналистика және репортерлық іс» білім беру бағдарламалары тобына түсушілер келесі шығармашылық емтихандарды тапсырады:

- 1) шығарма;
- 2) кәсіби жарамдылығын анықтауға арналған әңгімелесу.

1.4 Шығармашылық емтихандардың мақсаты – талапкерлердің дайындық деңгейін, шығармашылық қабілеттерін, кәсіби уәждемесін, зияткерлік әлеуетін, коммуникативтік құзыреттерін, аналитикалық ойлауын, медиасауаттылығын, 6B03201 – «Журналистика» білім беру бағдарламасын меңгеруге және журналистика мен медиакоммуникациялар саласында кәсіби қызметті жүзеге асыруға дайындығын кешенді бағалау.

1.5 Шығармашылық емтихандардың негізгі міндеттері:

- жазбаша және ауызша сөйлеу мәдениеті деңгейін анықтау;
- өз ойын логикалық, жүйелі және дәлелді түрде жеткізе білу қабілетін анықтау;
- жалпы мәдениет, дүниетаным және эрудиция деңгейін анықтау;
- журналистика мен бұқаралық ақпарат құралдарының қазіргі қоғамдағы рөлін түсіну деңгейін анықтау;
- қоғамдық маңызы бар оқиғалар мен үдерістерді талдау қабілетін анықтау;
- білім беру бағдарламасы бойынша оқуға кәсіби уәждеме деңгейін анықтау;
- талапкердің шығармашылық әлеуетін анықтау.

1.6 Шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру мен өткізудің құрамы Университеттің Қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен жыл сайын бекітілетін емтихан комиссиясы жүзеге асырады.

Емтихан комиссиясының құрамына Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдарының, кәсіби қоғамдастықтың және жұмыс берушілердің өкілдері кіреді.

Апелляциялық комиссияның мүшелері емтихан комиссиясының құрамына кіре алмайды.

1.7 Шығармашылық емтихандар Үлгілік қағидаларда және Университеттің қабылдау қағидаларында белгіленген мерзімдерде өткізіледі.

Шығармашылық емтихандардың кестесі (емтихандар мен консультациялардың күні, уақыты және өткізу орны) Қабылдау комиссиясының төрағасымен бекітіліп, Университеттің ресми интернет-ресурсында орналастыру арқылы талапкерлердің назарына жеткізіледі.

1.8 Шығармашылық емтихандар талапкер құжаттарын тапсыру кезінде таңдаған оқу тілінде (қазақ немесе орыс тілінде) өткізіледі.

1.9 Талапкерлер шығармашылық емтихандарға жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен жағдайда жіберіледі.

Емтихан басталғанға дейін емтихан комиссиясының төрағасы немесе оның тапсырмасы бойынша комиссия мүшесі талапкерлерге:

- емтихан өткізу тәртібін;
- емтихан жұмысын ресімдеу қағидаларын;
- бағалау критерийлерін;
- емтиханның басталу және аяқталу уақытын;
- нәтижелерді жариялау тәртібін;
- апелляция беру тәртібін түсіндіреді.

1.10 Шығармашылық емтихандарды өткізу барысында:

- Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы заңнамасының сақталуы;
- бағалаудың объективтілігі мен тәуелсіздігі;
- талапкерлердің құқықтарының теңдігі;
- емтихан өткізу рәсімінің ашықтығы;
- академиялық адалдық;
- емтихан материалдарының сақталуы қамтамасыз етіледі.

1.11 Шығармашылық емтихандарды орындау кезінде талапкерлер академиялық адалдық талаптарын сақтауға міндетті.

Мыналарға жол берілмейді:

- ұялы телефондарды, планшеттерді, смарт-сағаттарды, құлаққаптарды және өзге де электрондық құрылғыларды пайдалануға;
- емтихан өткізу шарттарында көзделмеген анықтамалық материалдарды және өзге де ақпарат көздерін пайдалануға;
- үшінші тұлғалардың көмегін алуға;
- басқа талапкерлерге ақпарат беруге;
- бөтен жұмысты өз жұмысы ретінде ұсынуға;
- шығармашылық емтихан нәтижелерінің объективтілігіне әсер етуі мүмкін өзге де әрекеттер жасауға.

Академиялық адалдық талаптарын бұзу осы Бағдарламаға сәйкес емтихан комиссиясының тиісті шешім қабылдауына негіз болып табылады.

1.12 Жазбаша шығармашылық емтиханды орындау кезінде талапкердің тікелей қатысуынсыз мәтінді автоматты түрде қалыптастыруға мүмкіндік беретін генеративті жасанды интеллект жүйелерін және өзге де цифрлық сервистерді пайдалануға жол берілмейді.

Әңгімелесу барысында емтихан комиссиясы жазбаша жұмыстың дербес орындалуын және ұсынылған шығармашылық материалдардың авторлығын растауға бағытталған сұрақтар қоюға құқылы.

1.13 Осы Бағдарламаның ережелері қабылдау комиссиясының, емтихан комиссиясының, апелляциялық комиссияның мүшелері, қабылдау комиссиясының техникалық хатшылары және В042 – «Журналистика және репортерлық іс» білім беру бағдарламалары тобына түсушілер үшін міндетті болып табылады.

1.14 Шығармашылық емтихандарды өткізу рәсімінің объективтілігі мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына және Университеттің жергілікті нормативтік актілеріне сәйкес емтихан аудиторияларында бейнетіркеу жүргізілуі мүмкін.

2 ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

2.1 Шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін Қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен мынадай комиссиялар құрылады:

- емтихан комиссиясы;
- апелляциялық комиссия.

Комиссиялардың дербес құрамы жыл сайын бекітіледі.

Апелляциялық комиссия мүшелері емтихан комиссиясының құрамына кіре алмайды.

2.2 Емтихан комиссиясы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- шығармашылық емтихандарды ұйымдастырады және өткізеді;
- шығармашылық емтихандардың нәтижелерін объективті бағалауды жүзеге асырады;

- шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде осы Бағдарламаның талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді;

- шығармашылық емтихандардың нәтижелері жөніндегі ведомостарды және емтихан комиссиясы отырысының хаттамасын ресімдеуді қамтамасыз етеді;

- шығармашылық емтихандардың нәтижелерін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына береді.

2.3 Емтихан комиссиясының төрағасы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- емтихан комиссиясының жұмысын ұйымдастырады;

- шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде осы Бағдарламаның талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді;

- емтихан комиссиясы мүшелерінің қызметін үйлестіреді;

- өз құзыреті шегінде шығармашылық емтихандарды өткізуге байланысты ұйымдастырушылық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;

- емтихан комиссиясының отырыстарына төрағалық етеді;

- шығармашылық емтихандардың нәтижелерін алқалы түрде қарауды қамтамасыз етеді;

- шығармашылық емтихандар нәтижелерінің ведомостарына, емтихан комиссиясы отырысының хаттамасына және осы Бағдарламада көзделген өзге де құжаттарға қол қояды.

2.4 Әрбір шығармашылық емтихан басталғанға дейін емтихан комиссиясының хатшысы талапкерлерді тіркейді және олардың жеке басын куәландыратын құжаттарын тексереді.

Тіркеу аяқталғаннан кейін емтихан комиссиясының төрағасы немесе оның уәкілеттік берген комиссия мүшесі:

- шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақытын хабарлайды;

- емтихан тапсырмасын орындау тәртібін түсіндіреді;

- талапкерлерді бағалау критерийлерімен таныстырады;

- емтихан жұмысын ресімдеу қағидаларын түсіндіреді;

- академиялық адалдық талаптарын сақтау қажеттілігі, сондай-ақ тыйым салынған техникалық құралдар мен ақпарат алудың өзге де құралдарын пайдалануға жол берілмейтіні туралы ескертеді.

2.5 Шығармашылық емтихан барысында талапкер:

- шығармашылық емтиханды өткізудің белгіленген тәртібін сақтауға;

- емтихан комиссиясының төрағасы мен мүшелерінің заңды талаптарын орындауға;

- тәртіп сақтауға;

- академиялық адалдық талаптарын сақтауға;

- емтихан материалдарына ұқыпты қарауға міндетті.

2.6 Шығармашылық емтихан барысында талапкерге:

- ұялы телефондарды, планшеттерді, смарт-сағаттарды, құлаққаптарды және өзге де электрондық құрылғыларды пайдалануға;

- егер оларды пайдалану емтихан өткізу шарттарында көзделмесе, анықтамалық әдебиеттерді, баспа материалдарын және өзге де ақпарат көздерін пайдалануға;

- дайын жауаптарды алуға немесе талапкердің тікелей қатысуынсыз мәтін құрастыруға мүмкіндік беретін генеративті жасанды интеллект жүйелерін, электрондық көмекшілерді және өзге де цифрлық сервистерді пайдалануға;

- емтихан тапсырмалары мен емтихан материалдарын суретке түсіруге, көшіруге немесе өзге тәсілмен көбейтуге;

- емтихан материалдарын басқа талапкерлерге беруге;

- емтихан барысында басқа талапкерлермен сөйлесуге;
- емтихан комиссиясының төрағасының немесе комиссия мүшесінің рұқсатынсыз емтихан аяқталғанға дейін аудиториядан өз бетінше шығып кетуге тыйым салынады.

2.7 Талапкер шығармашылық емтиханды өткізудің белгіленген тәртібін бұзған жағдайда емтихан комиссиясының төрағасы талапкерді аудиториядан шығару туралы шешім қабылдауға құқылы.

Тәртіп бұзу фактісі бұзушылықтың мән-жайлары көрсетіле отырып емтихан комиссиясының актісімен рәсімделеді және оған емтихан комиссиясының төрағасы мен актіні жасау кезінде қатысқан комиссия мүшелері қол қояды.

2.8 Шығармашылық емтихандарды өткізудің объективтілігін, ашықтығын және академиялық адалдық талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында шығармашылық емтихандар өткізілетін аудиторияларда Қазақстан Республикасының заңнамасына және Университеттің жергілікті нормативтік актілеріне сәйкес бейнежазба жүргізілуі мүмкін.

2.9 Әрбір шығармашылық емтиханның нәтижелері бойынша шығармашылық емтихан нәтижелерінің ведомосы рәсімделеді.

Бірінші және екінші шығармашылық емтихандар аяқталғаннан кейін емтихан комиссиясы қорытынды отырыс өткізеді, оның нәтижелері бойынша емтихан комиссиясы отырысының бірыңғай хаттамасы рәсімделеді.

Шығармашылық емтихандар нәтижелерінің ведомостарына және емтихан комиссиясы отырысының хаттамасына емтихан комиссиясының төрағасы, барлық мүшелері және хатшысы қол қояды және олар қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына тапсырылады.

3 БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН (ШЫҒАРМА)

3.1 Бірінші шығармашылық емтихан дербес жазбаша жұмыс (шығарма) түрінде өткізіледі.

Жазбаша жұмыс талапкер құжаттарын тапсыру кезінде таңдаған оқу тілінде (қазақ немесе орыс тілінде) орындалады.

Бірінші шығармашылық емтиханның мақсаты – талапкердің сөйлеу мәдениетінің деңгейін, аналитикалық ойлауын, шығармашылық әлеуетін, жалпы эрудициясын, өз ұстанымын дәлелді түрде жеткізе білу қабілетін, жазбаша сөйлеу дағдыларын және қазіргі қоғамдық, саяси, мәдени және ақпараттық үдерістерді түсіну деңгейін анықтау.

3.2 Бірінші шығармашылық емтихан талапкердің:

- қоғамдық маңызы бар мәселелерді өз бетінше талдау қабілетін;
- өз көзқарасын тұжырымдап, дәлелді түрде негіздей білуін;
- ойын логикалық әрі жүйелі жеткізе білуін;
- қазіргі бұқаралық ақпарат құралдары мен журналистика саласындағы білімін қолдана білуін;

- қазіргі әдеби тіл нормаларын сақтай білуін бағалау мақсатында өткізіледі.

3.3 Бірінші шығармашылық емтиханның ұзақтығы **3 (үш) астрономиялық сағатты (180 минут)** құрайды.

Емтиханның басталу және аяқталу уақытын жазбаша жұмысты орындау басталғанға дейін емтихан комиссиясының төрағасы хабарлайды.

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, қосымша уақыт берілмейді.

Белгіленген уақыт аяқталғаннан кейін талапкер жазбаша жұмысын емтихан комиссиясының хатшысына тапсыруға міндетті.

Бірінші шығармашылық емтиханды орындау уақытының аяқталғаны туралы емтихан комиссиясының төрағасы жариялағаннан кейін тапсырылған жазбаша жұмыстар тексеруге қабылданбайды.

3.4 Емтихан басталғанға дейін кемінде 30 минут бұрын талапкерлер тіркеуден өтіп, аудиториядағы орындарына орналасады.

Емтихан басталғанға дейін емтихан комиссиясының төрағасы немесе оның тапсырмасы бойынша комиссия мүшесі талапкерлерге:

- емтихан өткізу тәртібін түсіндіреді;
- жазбаша жұмысты ресімдеу қағидаларымен таныстырады;
- емтиханның ұзақтығын хабарлайды;
- бағалау критерийлерін түсіндіреді;
- академиялық адалдық талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік туралы ескертеді.

3.5 Емтихан басталғаны жарияланғаннан кейін талапкерлерге шығарма тақырыптарының тізбесі ұсынылады.

Әрбір талапкер бір тақырыпты өз бетінше таңдайды.

Жазбаша жұмысты орындау басталғаннан кейін таңдалған тақырыпты өзгертуге жол берілмейді.

Жазбаша жұмыс:

- таңдалған тақырыпқа сәйкес болуы;
- логикалық құрылымға ие болуы;
- кіріспеден, негізгі бөлімнен және қорытындыдан тұруы;
- автордың дербес ойлауын көрсетуі;
- дәлелді авторлық ұстанымды қамтуы;
- қазіргі әдеби тіл нормаларына сәйкес болуы;
- публицистикалық стиль ерекшеліктеріне сай болуы тиіс.

Жазбаша жұмысты орындау барысында баспа материалдарын, электрондық құрылғыларды, байланыс құралдарын, генеративті жасанды интеллект құралдарын және емтихан өткізу шарттарында көзделмеген өзге де ақпарат көздерін пайдалануға тыйым салынады.

3.6 Бірінші шығармашылық емтиханды өткізу үшін талапкерлердің сөйлеу мәдениетінің деңгейін, аналитикалық ойлауын, шығармашылық әлеуетін, жалпы эрудициясын, өз көзқарасын логикалық әрі дәлелді түрде жеткізе білу қабілетін, сондай-ақ қазіргі қоғамдық, саяси, мәдени және ақпараттық үдерістерді түсіну деңгейін анықтауға бағытталған шығарма тақырыптары пайдаланылады.

Шығарма тақырыптарының үлгілік тізбесі:

1. Мен неге журналист мамандығын таңдадым?
2. Жалған ақпарат: ақиқат пен жалғанды қалай ажыратуға болады?
3. Мен өмір сүргім келетін әлем.
4. Жастар өміріндегі жасанды интеллект.
5. Тарих жеке тағдырға айналғанда: соғыс ұрпақтар көзімен.
6. Не маңыздырақ: ақпараттың жылдамдығы ма, әлде шынайылығы ма?
7. Табиғат әлеміндегі адам.
8. Естелік үні: журналистика соғыс туралы қалай баяндайды?
9. TikTok пен Instagram – журналистиканың жаңа форматтары.
10. Жасанды интеллект дәуіріндегі медианың болашағы.
11. Өзіме өзім журналист (блог жүргізу, Instagram парақшасын жүргізу, интернетте жариялау).
12. Жасанды интеллект: бұқаралық ақпарат құралдары үшін көмекші ме, әлде қауіп пе?
13. Мобильді журналистиканың артықшылықтары мен кемшіліктері.
14. Онлайн-алаяқтық – цифрлық қоғамның жаңа қаупі.
15. Соғыс туралы жады – күнтізбедегі дата емес, жауапкершілік.

3.7 Жазбаша жұмыс 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Жазбаша жұмысты бағалау төмендегі критерийлер бойынша жүзеге асырылады.

1-кесте. Жазбаша жұмысты (шығарманы) бағалау критерийлері

Критерий	Өте жақсы (41–50)	Жақсы (26–40)	Қанағаттанарлық (15–25)
Шығарма мазмұны (тақырыптың ашылу тереңдігі, тақырып пен негізгі ойға сәйкестігі,	20–15	14–9	9–5

Критерий	Өте жақсы (41–50)	Жақсы (26–40)	Қанағаттанарлық (15–25)
мазмұндаудың логикалылығы мен жүйелілігі)			
Орфография және пунктуация (мәтін көлемі, стилі, тілдік нормалар мен емле ережелерінің сақталуы)	15–13	13–8	8–5
Публицистикалық стиль (деректерді қолданудың өзіндік ерекшелігі, дәлелдердің және қорытындылардың нанымдылығы, мәтін композициясының тұтастығы, тілдің бейнелілігі мен әсерлілігі, сөздік қорының байлығы)	15–13	13–9	8–5

Ең жоғары нәтиже – 50 балл.

15 балдан төмен жинаған жазбаша жұмыс «қанағаттанарлықсыз» деп бағаланады және бірінші шығармашылық емтихан талаптарына сәйкес келмейді деп есептеледі.

3.8 Жазбаша жұмыстарды тексеруді емтихан комиссиясының мүшелері осы Бағдарламада белгіленген бағалау критерийлеріне сәйкес жүзеге асырады.

Әрбір жазбаша жұмыстың қорытынды бағасы емтихан комиссиясының алқалы шешімімен айқындалады және емтихан комиссиясының хатшысы бірінші шығармашылық емтихан нәтижелерінің ведомосына енгізеді.

Бірінші шығармашылық емтихан нәтижелерінің ведомосына емтихан комиссиясының төрағасы, барлық мүшелері және хатшысы қол қояды.

3.9 Қорытынды бағаны төмендетуге негіз болатын жағдайлар:

1. таңдалған тақырыптың толық немесе үстірт ашылмауы;
2. жазбаша жұмыстың таңдалған тақырыпқа сәйкес келмеуі;
3. мазмұндаудың логикасы, жүйелілігі және композициялық тұтастығының бұзылуы;
4. қорытындылар мен авторлық ұстанымның жеткілікті деңгейде дәлелденбеуі;
5. фактілік қателердің болуы;
6. қазіргі әдеби тіл нормаларының, оның ішінде орфографиялық, пунктуациялық, грамматикалық және сөйлеу нормаларының бұзылуы;
7. жұмыстың публицистикалық стиль ерекшеліктеріне сәйкес келмеуі.

Жазбаша жұмысты бағалау кезінде туындаған даулы мәселелер емтихан комиссиясында алқалы түрде қаралады және қажет болған жағдайда емтихан комиссиясы отырысының хаттамасында көрсетіледі.

3.10 Емтихан комиссиясының төрағасы мынадай жағдайларда талапкердің бірінші шығармашылық емтиханға қатысуын тоқтату және оны аудиториядан шығару туралы шешім қабылдауға құқылы:

- байланыс құралдарын, электрондық құрылғыларды немесе өзге де тыйым салынған техникалық құралдарды пайдаланған жағдайда;
- шығармашылық емтихан өткізу шарттарында көзделмеген анықтамалық материалдарды, баспа басылымдарын немесе өзге де ақпарат көздерін пайдаланған жағдайда;
- басқа талапкерлерге ақпарат берген немесе олардан ақпарат алған жағдайда;
- жазбаша жұмысты үшінші тұлғалардың көмегімен орындаған немесе басқа талапкерлерге көмек көрсеткен жағдайда;
- академиялық адалдық талаптарын бұзған жағдайда;
- шығармашылық емтиханды өткізудің белгіленген тәртібін сақтауға байланысты емтихан комиссиясының төрағасы немесе мүшелері қойған заңды талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда.

Әрбір тәртіп бұзу фактісі бойынша шығармашылық емтиханды өткізу тәртібін бұзу туралы акт жасалады, оған емтихан комиссиясының төрағасы және құқық бұзушылық анықталған кезде қатысқан кемінде екі комиссия мүшесі қол қояды.

Аталған акт шығармашылық емтихан материалдарына қоса тіркеледі және емтихан комиссиясының тиісті шешім қабылдауына негіз болып табылады.

4 ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН (ӘНГІМЕЛЕСУ)

4.1 Екінші шығармашылық емтихан талапкер құжаттарын тапсыру кезінде таңдаған оқу тілінде (қазақ немесе орыс тілінде) жеке ауызша әңгімелесу нысанында өткізіледі.

Әңгімелесу талапкердің **6B03201 – «Журналистика»** білім беру бағдарламасын меңгеруге кәсіби жарамдылығын айқындау, оның кәсіби уәждемесінің деңгейін, журналист мамандығын саналы түрде таңдағанын, журналистік қызметтің ерекшеліктерін түсінуін, жалпы мәдениетін, дүниетанымының кеңдігін, медиасауаттылығын, әлеуметтік бағдарын, талдамалық ойлау қабілетін, коммуникативтік дағдыларын, ауызша сөйлеу мәдениетін және білім беру бағдарламасын меңгеруге дайындығын бағалау мақсатында өткізіледі.

Әңгімелесудің ұзақтығы **10–15 минутты** құрайды.

4.2 Әңгімелесу барысында емтихан комиссиясының мүшелері талапкермен жеке сұхбат жүргізеді, сұрақтар қояды және осы Бағдарламаға сәйкес оның жауаптарын бағалайды.

Әңгімелесу барысында талапкерге төмендегі бағыттар бойынша сұрақтар қойылуы мүмкін:

- өмірбаяндық сипаттағы сұрақтар (қажет болған жағдайда);
- талапкердің кәсіби уәждемесін, журналист мамандығын таңдауының саналы екенін және журналистік қызметтің ерекшеліктерін түсіну деңгейін айқындауға бағытталған сұрақтар;
- талапкердің қоғамдық-саяси, мәдени және ақпараттық даярлық деңгейін анықтауға бағытталған сұрақтар;
- қазіргі бұқаралық ақпарат құралдары, медиакоммуникациялар және цифрлық журналистика саласындағы бағдарын анықтауға бағытталған сұрақтар;
- талапкердің дербес ойлау қабілетін, қоғамдық маңызы бар оқиғалар мен үдерістерді талдай алуын, өз көзқарасын қисынды әрі дәлелді түрде жеткізе білуін анықтауға бағытталған сұрақтар;
- тарих, мәдениет, қоғамтану және қазіргі қоғамдық үдерістер саласындағы жалпы эрудиция деңгейін анықтауға бағытталған сұрақтар. Жауап беру барысында талапкер қоғамдық өмірдегі оқиғаларға қатысты өзінің көзқарасын негіздей білуі, өзекті мәселелерді талдап, дербес пайымдаулар жасай алуы тиіс;
- талапкердің қызығушылық аясын, дүниетанымының кеңдігін, шығармашылық бейімділігін және танымдық белсенділігін анықтауға бағытталған сұрақтар;
- талапкердің жеке қасиеттерін, оның ішінде байқағыштығын, ассоциативтік және бейнелі ойлау қабілетін, талдамалық ойлауын, сөйлеу мәдениетін, қарым-қатынас жасау қабілетін, тапқырлығын және сындарлы диалог жүргізу дағдыларын бағалауға бағытталған сұрақтар.

4.3 Талапкер емтихан комиссиясына журналистика, медиакоммуникациялар және сабақтас бағыттар саласындағы өзінің шығармашылық жетістіктері мен қызмет нәтижелерін көрсететін шығармашылық портфолионы ұсынуға құқылы.

Шығармашылық портфолионы ұсыну әңгімелесуге жіберудің міндетті шарты болып табылмайды.

Шығармашылық портфолиоға мыналар енгізілуі мүмкін:

- баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған авторлық материалдар;
- мақалалар, эсселер, сұхбаттар, репортаждар және өзге де авторлық материалдар;
- аудио-, бейне- және фотоматериалдар, сондай-ақ оларға қоса берілетін мәтіндер;
- интернет желісіндегі жарияланымдар, жеке блогтардағы материалдар, подкасттар, интернет және мультимедиялық жобалар;
- дизайнерлік әзірлемелер, медиажобалар және шығармашылық қызметтің өзге де нәтижелері;

- бұқаралық ақпарат құралдарының редакцияларынан, ақпараттық агенттіктерден және медиаиндустрияның өзге де ұйымдарынан берілген мінездемелер мен ұсынымдар (болған жағдайда);

- журналистика бойынша конкурстарға, олимпиадаларға, фестивальдерге, медиажобаларға және өзге де шығармашылық іс-шараларға қатысқанын растайтын құжаттар (мақтау грамоталары, дипломдар, куәліктер, сертификаттар, алғыс хаттар және өзге де құжаттар).

Шығармашылық портфолионы қарау кезінде емтихан комиссиясы талапкерге ұсынылған материалдардың авторлығына, тақырыпты таңдау себептеріне, материалдарды дайындау тәсілдеріне, пайдаланылған ақпарат көздеріне, қолданылған журналистік жанрлар мен жұмыс әдістеріне, сондай-ақ ұсынылған материалдарды орындау дербестігінің деңгейіне қатысты нақтылаушы сұрақтар қоюға құқылы.

4.4 Екінші шығармашылық емтиханды (әңгімелесуді) өткізуге арналған сұрақтардың үлгілік тізбесі төменде келтірілген және осы Бағдарламаның ажырамас бөлігі болып табылады.

Сұрақтар тізбесі екінші шығармашылық емтиханның мақсаттарына сәйкес қалыптастырылған және талапкердің білім беру бағдарламасын меңгеруге кәсіби жарамдылығын бағалау мақсатында емтихан комиссиясы тарапынан қолданылады.

Емтихан комиссиясы талапкердің дайындық деңгейін, оның кәсіби жарамдылығын объективті бағалау қажеттілігін, сондай-ақ ұсынылған шығармашылық портфолио материалдарын (болған жағдайда) ескере отырып, сұрақтардың қойылу ретін, санын және мазмұнын дербес айқындайды.

Әңгімелесу барысында емтихан комиссиясы талапкердің берген жауаптарына және ұсынылған шығармашылық портфолио материалдарына қатысты қосымша және нақтылаушы сұрақтар қоюға құқылы.

1-тақырыптық бөлім. Медиа, мәдениет және журналист мамандығы

1. Неліктен журналист мамандығын таңдадыңыз?
2. Неліктен журналистика саласында білім алу үшін Қазақстанды және Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетін таңдадыңыз?
3. Журналистика саласындағы кәсіби болашағыңызды қалай елестетесіз?
4. Қандай бұқаралық ақпарат құралдарын, интернет-платформаларды және медиажобаларды тұрақты түрде оқисыз, көресіз немесе тыңдайсыз?
5. Өз еліңіздегі немесе әлемдегі қандай журналистерді, тележүргізушілерді, блогерлерді немесе медиа-менеджерлерді кәсіби маман деп есептейсіз? Неліктен?
6. ХХІ ғасыр журналисті үшін қандай қасиеттер ең маңызды деп санайсыз?
7. Журналистің блогер мен инфлюенсерден айырмашылығы неде?
8. Қазіргі қоғамда бұқаралық ақпарат құралдары қандай функцияларды атқарады?
9. Медиасауаттылық дегеніміз не және ол неліктен маңызды?
10. Өз еліңіздегі және шетелдегі қандай ақпараттық сайттарды білесіз?
11. Ақпаратты таратуда әлеуметтік желілер қандай рөл атқарады?
12. Фактчекинг дегеніміз не және ол не үшін қажет?
13. Интернеттегі ақпараттың шынайылығын қалай тексересіз?
14. Мобильді журналистика дегеніміз не және ол қалай қолданылады?
15. Медиамониторинг дегеніміз не және ол қандай мақсатта жүргізіледі?
16. Қазіргі журналистік материалдардың қандай форматтарын білесіз? (подкаст, сторителлинг, лонгрид, мультимедиялық репортаж және т.б.)
17. Жасанды интеллект журналист жұмысына қалай әсер етеді?
18. Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметінде жасанды интеллектті пайдаланудың қандай артықшылықтары мен тәуекелдері бар?
19. Белгілі тұлғамен сұхбат жүргізу қажет деп елестетіңіз. Қандай сұрақтар қояр едіңіз?
20. Аудиторияда болып жатқан жағдай туралы қысқаша ауызша репортаж дайындаңыз.
21. Қазіргі журналистиканың алдында қандай өзекті сын-қатерлер тұр?

2-тақырыптық бөлім. Қоғам, мемлекет және жаһандық үдерістер

1. Соңғы бір жыл ішінде өз еліңізде және әлемде орын алған ең маңызды оқиғаларды атаңыз.
2. Мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі қандай?
3. Ақпараттық соғыс дегеніміз не және ол қазіргі әлемде қалай көрініс табады?
4. Жалған ақпараттың (фейк ақпараттың) таралу мәселесі неліктен ерекше өзекті болып отыр?
5. Цифрландыру қазіргі журналистиканы қалай өзгертуде?
6. Референдум дегеніміз не және ол қандай жағдайларда өткізіледі?
7. Демократиялық мемлекеттің негізгі қағидаттары қандай?
8. «Құқықтық мемлекет» ұғымын қалай түсінесіз?
9. Өз еліңіздегі мемлекеттік билік жүйесі қалай құрылған?
10. Өз еліңізде заңдарды қандай мемлекеттік органдар қабылдайды?
11. Мемлекет басшысының рөлі қандай?
12. Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) қызметі туралы не білесіз?
13. ЮНЕСКО-ның негізгі міндеттері қандай?
14. ЮНИСЕФ қандай қызмет атқарады?
15. Журналистердің құқықтарын қорғаумен айналысатын қандай халықаралық ұйымдарды білесіз?
16. Өз еліңізде қандай кәсіби журналистік бірлестіктер бар?
17. Неліктен экологиялық журналистика қазіргі журналистиканың маңызды бағыттарының біріне айналып отыр?
18. Жаһандану медиа мен қоғамның дамуына қалай әсер етеді?
19. Қазіргі технологиялар ақпаратты алу және тарату тәсілдерін қалай өзгертті?
20. Журналистің әлеуметтік жауапкершілігін қалай түсінесіз?

3-тақырыптық бөлім. Шығармашылық портфолио бойынша сұрақтар

Шығармашылық портфолио ұсынылған жағдайда емтихан комиссиясы талапкерге төмендегі сұрақтарды қоюға құқылы:

1. Неліктен дәл осы тақырыпты таңдадыңыз?
2. Ақпаратты жинау қалай жүзеге асырылды?
3. Материалды дайындау барысында қандай ақпарат көздері пайдаланылды?
4. Материалды әзірлеу кезінде қандай қиындықтарға кездестіңіз?
5. Ұсынылған материал немесе жоба қандай аудиторияға арналған?
6. Қандай журналистік жанрлар мен жұмыс әдістері қолданылды?
7. Өз жұмысыңызда нені өзгертер немесе жетілдірер едіңіз?
8. Материалды дайындау барысында цифрлық технологиялар пайдаланылды ма? Егер пайдаланылса, қандай мақсатта және қалай қолданылды?
9. Бұл жұмысты орындауға қандай білімдер мен дағдылар көмектесті?
10. Ұсынылған жұмыс Сізді болашақ журналист ретінде қалай сипаттайды?

Емтихан комиссиясы талапкердің кәсіби жарамдылығын объективті бағалауды қамтамасыз еткен жағдайда, осы Бағдарламада келтірілген барлық сұрақтарды толық пайдаланбауға құқылы.

Қажет болған жағдайда емтихан комиссиясы талапкердің берген жауаптарына және ұсынылған шығармашылық портфолио материалдарына қатысты қосымша және нақтылаушы сұрақтар қоюға құқылы.

4.5 Өңгімелесу 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Өңгімелесуді бағалау осы Бағдарламада белгіленген төмендегі критерийлер бойынша жүзеге асырылады.

2-кесте. Өңгімелесуді бағалау критерийлері

Бағалау критерийі	Өте жақсы (50 балл)	Өте жақсы (41–50 балл)	Жақсы (26–40 балл)	Қанағаттанарлық (15–25 балл)
-------------------	---------------------	------------------------	--------------------	------------------------------

Бағалау критерийі	Өте жақсы (50 балл)	Өте жақсы (41–50 балл)	Жақсы (26–40 балл)	Қанағаттанарлық (15–25 балл)
Жарияланған авторлық материалдардың болуы (баспа және (немесе) электрондық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған авторлық материалдар)	50	—	—	—
Журналистикаға қатысты сұрақтарға жауаптар (жеке көзқарастың болуы, журналистік қызметтің ерекшелігін түсінуі, сөйлеу мәдениеті, коммуникативтік қабілеті, талдамалық ойлауы және сұрақтарға жауап беру кезіндегі тапқырлығы)	—	35	30	15
Шығармашылық портфолио (болған жағдайда) — авторлық шығармалар, мақалалар, сұхбаттар, репортаждар және өзге де авторлық материалдар; аудио-, бейне- және фотоматериалдар; медиажобалар; бұқаралық ақпарат құралдары редакцияларының ұсынымдары; журналистика бойынша конкурстарға қатысқанын растайтын құжаттар	—	14	10	10

Екінші шығармашылық емтихан бойынша ең жоғары нәтиже **50 балды** құрайды.

Екінші шығармашылық емтиханнан сәтті өту үшін ең төменгі нәтиже **15 балл** болып белгіленеді.

Шығармашылық портфолионың болмауы өздігінен талапкердің қорытынды бағасын төмендетуге негіз болып табылмайды.

Әңгімелесуді өткізу кезінде емтихан комиссиясы осы Бағдарламада белгіленген бағалау критерийлерін басшылыққа алады.

Қорытынды баға емтихан комиссиясының алқалы шешімімен айқындалады.

5 ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІН РӘСІМДЕУ

5.1 Әрбір шығармашылық емтиханның қорытынды бағасы осы Бағдарламада белгіленген бағалау критерийлеріне сәйкес емтихан комиссиясының **алқалы шешімімен** айқындалады.

5.2 Бірінші және екінші шығармашылық емтихандардың нәтижелері шығармашылық емтихандар нәтижелерінің жеке ведомостарымен рәсімделеді.

Шығармашылық емтихандар нәтижелерінің ведомостарына емтихан комиссиясының төрағасы, барлық мүшелері және хатшысы қол қояды.

5.3 Бірінші және екінші шығармашылық емтихандар аяқталғаннан кейін емтихан комиссиясы қорытынды отырыс өткізеді, оның нәтижелері бойынша емтихан комиссиясы отырысының бірыңғай хаттамасы рәсімделеді.

Емтихан комиссиясы отырысының хаттамасына емтихан комиссиясының төрағасы, барлық мүшелері және хатшысы қол қояды.

5.4 Қорытынды бағаны айқындау кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда шешім отырысқа қатысқан емтихан комиссиясы мүшелерінің көпшілік даусымен алқалы түрде қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда емтихан комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

5.5 Талапкер шығармашылық емтиханды өткізу тәртібін бұзған жағдайда емтихан комиссиясының төрағасы талапкердің шығармашылық емтиханға қатысуын тоқтату туралы шешім қабылдауға құқылы.

Тәртіп бұзу фактісі шығармашылық емтиханды өткізу тәртібінің бұзылғаны туралы актімен рәсімделеді. Актіге емтихан комиссиясының төрағасы және тәртіп бұзу фактісін анықтау кезінде қатысқан емтихан комиссиясының кемінде екі мүшесі қол қояды.

Акт шығармашылық емтихан материалдарына қоса тіркеледі және емтихан комиссиясының тиісті шешім қабылдауына негіз болып табылады.

5.6 Қалыптастырылған шығармашылық емтихан материалдарын емтихан комиссиясының хатшысы осы Бағдарламада және Университеттің жергілікті нормативтік актілерінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына тапсырады.

6 ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАРИЯЛАУ ЖӘНЕ АПЕЛЛЯЦИЯЛАРДЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

6.1 Әрбір шығармашылық емтиханның нәтижелері оны өткізген күні Үлгілік қабылдау қағидаларында және Университеттің Қабылдау қағидаларында белгіленген тәртіппен жарияланады.

6.2 Әрбір шығармашылық емтиханның нәтижелері бойынша емтихан комиссиясы шығармашылық емтихан нәтижелерінің ведомосын рәсімдейді.

Шығармашылық емтихан нәтижелерінің ведомосына тиісті шығармашылық емтиханды өткізуге қатысқан емтихан комиссиясының төрағасы, барлық мүшелері және хатшысы қол қояды және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына беріледі.

Бірінші және екінші шығармашылық емтихандар аяқталғаннан кейін емтихан комиссиясы қорытынды отырыс өткізеді, оның нәтижелері бойынша емтихан комиссиясы отырысының бірыңғай хаттамасы рәсімделеді.

Емтихан комиссиясы отырысының хаттамасына емтихан комиссиясының төрағасы, барлық мүшелері және хатшысы қол қояды және қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына тапсырылады.

6.3 Талапкерлердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету және даулы мәселелерді қарау мақсатында шығармашылық емтихандарды өткізу кезеңіне қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляциялық комиссияның дербес құрамы жыл сайын бекітіледі.

6.4 Апелляциялық комиссияның мүшелері тиісті шығармашылық емтиханды өткізген емтихан комиссиясының құрамына кіре алмайды.

6.5 Шығармашылық емтихан нәтижесімен келіспейтін талапкер апелляциялық комиссия төрағасының атына апелляция беру туралы өтінішті жеке өзі беруге құқылы.

6.6 Апелляция беру туралы өтініш тиісті шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күні сағат 13:00-ге дейін қабылданады.

Апелляциялық комиссия өтінішті келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде қарайды.

6.7 Апелляцияны қарау барысында:

- шығармашылық емтиханды өткізудің белгіленген тәртібінің сақталуы;
- бағалау критерийлерінің дұрыс қолданылуы;
- нәтижелерді рәсімдеу кезінде техникалық қателердің болуы немесе болмауы

тексеріледі.

Апелляциялық комиссия техникалық қате немесе шығармашылық емтиханды өткізудің белгіленген тәртібінің бұзылуы анықталған жағдайларды қоспағанда, шығармашылық емтихан нәтижелеріне қайта бағалау жүргізбейді.

6.8 Апелляциялық комиссияның отырысы оның құрамының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды болып есептеледі.

Шешім апелляциялық комиссия отырысына қатысқан мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда апелляциялық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

6.9 Апелляцияны қарау нәтижелері бойынша мынадай шешімдердің бірі қабылданады:

1. шығармашылық емтихан нәтижесін өзгеріссіз қалдыру;
2. шығармашылық емтихан нәтижесін өзгерту.

Апелляциялық комиссияның шешімі хаттамамен рәсімделеді және талапкердің назарына жеткізіледі.

6.10 Апелляциялық комиссияның шешімі Университетте шығармашылық емтихандарды өткізу рәсімі шеңберінде түпкілікті болып табылады.

7 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1 Осы Бағдарлама Университеттің жергілікті нормативтік актісі болып табылады және В042 «Журналистика және репортер ісі» білім беру бағдарламалары тобы бойынша қабылдау комиссиясының мүшелері, емтихан комиссиясының мүшелері, апелляциялық комиссияның мүшелері, емтихан комиссиясының хатшысы, қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы және талапкерлер үшін міндетті болып табылады.

7.2 Осы Бағдарламада реттелмеген мәселелер бойынша:

- Қазақстан Республикасының заңнамасы;
- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары;
- «Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ-ға қабылдау қағидалары қолданылады.

7.3 Осы Бағдарламаға өзгерістер мен толықтырулар осы Бағдарламаны бекіту үшін белгіленген тәртіппен бекітіледі.

7.4 Осы Бағдарлама Университеттің қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен бекітілген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2026–2027 оқу жылына қабылдау науқаны аяқталғанға дейін немесе Бағдарламаның жаңа редакциясы бекітілгенге дейін қолданылады.

1-қосымша. Бірінші шығармашылық емтиханның (эссе) нәтижелерінің ведомосы.

2-қосымша. Екінші шығармашылық емтиханның (әнгімелесу) нәтижелерінің ведомосы.

3-қосымша. Шығармашылық емтихандардың нәтижелерін бекіту туралы емтихан комиссиясы отырысының хаттамасы.

4-қосымша. Шығармашылық емтиханды өткізу тәртібінің бұзылғаны туралы акт.

5-қосымша. Апелляция беру туралы өтініш.

6-қосымша. Апелляциялық комиссия отырысының хаттамасы.

7-қосымша. Талапкерлерді тіркеу парағы.

**БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАННЫҢ (ЭССЕ)
НӘТИЖЕЛЕР ТІЗІМДЕМЕСІ**
Тіркеу № _____

Өткізу күні: «__» _____ 20__ жыл

Білім беру бағдарламаларының тобы: В042 – Журналистика және репортерлік іс

Білім беру бағдарламасы: 6В03201 – Журналистика

Өткізу орны: _____

Басталу уақыты: _____ Аяқталу уақыты: _____

№	Талапкердің тегі, аты, әкесінің аты	Жұмыстың шифры	Мазмұны	Орфография және пунктуация	Публицистикалық стиль	Жалпы балл(0– 50 балл)
1						
2						
3						
...						

Емтихан қорытындылары

Емтиханға жіберілген талапкерлер саны _____

Емтиханға қатысқан талапкерлер саны _____

Емтиханға келмеген талапкерлер саны _____

15 балдан төмен жинаған талапкерлер саны _____

15 және одан жоғары балл жинаған талапкерлер саны _____

Емтихан комиссиясының төрағасы

Қолы _____

Т.А.Ә. _____

Емтихан комиссиясының мүшелері

№ Қолы Т.А.Ә.

1 _____ _____

2 _____ _____

3 _____ _____

Емтихан комиссиясының хатшысы

Қолы _____

Т.А.Ә. _____

Тізімдемені рәсімдеу күні: «__» _____ 20__ жыл

**ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАННЫҢ (ӘНГІМЕЛЕСУ)
НӘТИЖЕЛЕР ТІЗІМДЕМЕСІ**

Тіркеу № _____

Емтихан өткізілген күні: «__» _____ 20__ жыл

Білім беру бағдарламаларының тобы: В042 – Журналистика және репортер ісі

Білім беру бағдарламасы: 6В03201 – Журналистика

Өткізу орны: _____

Басталу уақыты: _____ Аяқталу уақыты: _____

№	Талапкердің тегі, аты, әкесінің аты	Авторлық жарияланған материалдарының болуы	Журналистикаға қатысты сұрақтарға жауаптары	Шығармашылық портфолио (болған жағдайда)	Жалпы балл(0– 50 балл)
1					
2					
3					
...					

Емтихан қорытындылары

Емтиханға жіберілген талапкерлер саны _____

Емтиханға қатысқан талапкерлер саны _____

Емтиханға келмеген талапкерлер саны _____

15 балдан төмен жинаған талапкерлер саны _____

15 және одан жоғары балл жинаған талапкерлер саны _____

Емтихан комиссиясының төрағасы

Қолы _____

Т.А.Ә. _____

Емтихан комиссиясының мүшелері

№ Қолы Т.А.Ә.

1 _____ _____

2 _____ _____

3 _____ _____

Емтихан комиссиясының хатшысы

Қолы _____

Т.А.Ә. _____

Тізімдемені рәсімдеу күні: «__» _____ 20__ жыл

№ _____

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІН БЕКІТУ
ТУРАЛЫ ЕМТИХАН КОМИССИЯСЫ ОТЫРЫСЫНЫҢ
ХАТТАМАСЫ**

Отырыс күні: «__» _____ 20__ жыл

Басталу уақыты: _____ сағ. _____ мин.

Аяқталу уақыты: _____ сағ. _____ мин.

Өткізу орны: _____

Білім беру бағдарламаларының тобы: В042 – Журналистика және репортерлік іс

Білім беру бағдарламасы: 6В03201 – Журналистика

ҚАТЫСҚАНДАР

Емтихан комиссиясының төрағасы

Емтихан комиссиясының мүшелері

1. _____
2. _____
3. _____

Емтихан комиссиясының хатшысы

КҮН ТӘРТІБІ

В042 «Журналистика және репортерлік іс» білім беру бағдарламалары тобы бойынша бірінші және екінші шығармашылық емтихандардың нәтижелерін бекіту туралы.

ТЫҢДАЛДЫ

Емтихан комиссиясының төрағасы бірінші және екінші шығармашылық емтихандардың өткізілу нәтижелері, сондай-ақ шығармашылық емтихандар нәтижелерінің тізімдемелері негізінде талапкерлердің жұмыстарын бағалау қорытындылары туралы хабарлама жасады.

АНЫҚТАЛДЫ

Бірінші шығармашылық емтихан (эссе)

Емтиханға жіберілді _____ адам

Емтиханға қатысты _____ адам

Келмегендер _____ адам

15 балдан төмен жинағандар _____ адам

15 және одан жоғары балл жинағандар _____ адам

Екінші шығармашылық емтихан (әңгімелесу)

Емтиханға жіберілді _____ адам

Емтиханға қатысты _____ адам

Келмегендер _____ адам

15 балдан төмен жинағандар _____ адам

15 және одан жоғары балл жинағандар _____ адам

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. Бірінші шығармашылық емтихан нәтижелерінің тізімдемесіне сәйкес бірінші шығармашылық емтиханның нәтижелері бекітілсін.
2. Екінші шығармашылық емтихан нәтижелерінің тізімдемесіне сәйкес екінші шығармашылық емтиханның нәтижелері бекітілсін.

3. Шығармашылық емтихандар нәтижелерінің тізімдемелері нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына берілсін.
4. Шығармашылық емтихандардың материалдары Шығармашылық емтихандарды өткізу бағдарламасында белгіленген тәртіппен ресімделіп, қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына тапсырылсын.

Хаттамаға қоса берілетін құжаттар:

1. Бірінші шығармашылық емтихан нәтижелерінің тізімдемесі.
2. Екінші шығармашылық емтихан нәтижелерінің тізімдемесі.
3. Шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібінің бұзылғаны туралы акт(ілер) (болған жағдайда).
4. Өзге де материалдар (болған жағдайда).

Емтихан комиссиясының төрағасы

Қолы _____
Т.А.Ә. _____

Емтихан комиссиясының мүшелері

№	Қолы	Т.А.Ә.
1	_____	_____
2	_____	_____
3	_____	_____

Емтихан комиссиясының хатшысы

Қолы _____
Т.А.Ә. _____

Хаттаманы рәсімдеу күні: «__» _____ 20__ жыл

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІН БҰЗУ ТУРАЛЫ
АКТ**

Тіркеу № _____

Жасалған күні: «__» _____ 20__ жыл

Жасалған уақыты: _____ сағ. _____ мин.

Өткізу орны: _____

Білім беру бағдарламаларының тобы: В042 – Журналистика және репортерлік іс

Білім беру бағдарламасы: 6В03201 – Журналистика

Шығармашылық емтиханның түрі:

- ☐ бірінші шығармашылық емтихан (эссе)
☐ екінші шығармашылық емтихан (әңгімелесу)

Біз, төменде қол қоюшылар, осы актіні төмендегіні растай отырып жасадық:

Талапкердің тегі, аты, әкесінің аты

шығармашылық емтиханды тапсыру барысында шығармашылық емтиханды өткізу тәртібінің белгіленген талаптарын бұзды.

Бұзушылықтың сипаты (бар болған жағдайда белгі қойылады)

- ☐ ұялы телефонды пайдалану
☐ өзге де байланыс құралдарын пайдалану
☐ электрондық құрылғыларды пайдалану
☐ анықтамалық материалдарды пайдалану
☐ генеративті жасанды интеллект құралдарын пайдалану
☐ үшінші тұлғалардың көмегін алу
☐ басқа талапкерлерге көмек көрсету
☐ басқа талапкерлерге ақпарат беру
☐ басқа талапкерлерден ақпарат алу
☐ емтихан материалдарын суретке түсіру (көшіріп алу)
☐ аудиториядан рұқсатсыз шығу
☐ емтихан комиссиясының төрағасы немесе мүшелерінің заңды талаптарын орындаудан бас тарту
☐ өзге де _____

Бұзушылықтың мән-жайы**Талапкердің түсініктемесі** (болған жағдайда толтырылады)

- ☐ Түсініктеме беруден бас тартты.

Емтихан комиссиясы төрағасының шешімі

- ☐ талапкерге ескерту жасау;
☐ талапкердің шығармашылық емтиханға қатысуын тоқтату;
☐ материалдарды емтихан комиссиясының қарауына беру;

☐ өзге де _____

Актіге қоса берілетін материалдар (болған жағдайда)

☐ талапкердің жазбаша түсініктемесі;

☐ бейнетіркеу материалдары;

☐ фотоматериалдар;

☐ талапкердің жазбаша жұмысы;

☐ өзге де құжаттар.

Емтихан комиссиясының төрағасы

Қолы _____

Т.А.Ә. _____

Емтихан комиссиясының мүшелері

№	Қолы	Т.А.Ә.
1	_____	_____
2	_____	_____
3	_____	_____

Емтихан комиссиясының хатшысы

Қолы _____

Т.А.Ә. _____

Актіні рәсімдеу күні: «__» _____ 20__ жыл

Актімен таныстым

Талапкер

Қолы _____

Т.А.Ә. _____

Жұмыстың шифры (бірінші шығармашылық емтихан үшін) _____

Күні: «__» _____ 20__ жыл

☐ Қол қоюдан бас тартты.

5-қосымша

Шығармашылық емтихандарды өткізу бағдарламасына

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық
қатынастар және әлем тілдері университеті»
АҚ
шығармашылық емтихандарды өткізу
жөніндегі
апелляциялық комиссиясының төрағасына
Талапкерден

(тегі, аты, әкесінің аты)

ЖСН _____

Байланыс телефоны _____

ӨТІНІШ

Шығармашылық емтиханның нәтижелері бойынша берілген апелляциялық өтінішімді қарауыңызды сұраймын.

Шығармашылық емтиханның түрі:

☐ бірінші шығармашылық емтихан (эссе)

☐ екінші шығармашылық емтихан (әңгімелесу)

Емтихан өткізілген күні: «__» _____ 20__ жыл

Апелляция берудің негізі

☐ шығармашылық емтиханды өткізудің белгіленген тәртібінің бұзылуы;

☐ бағалау критерийлерінің дұрыс қолданылмауы;

☐ шығармашылық емтихан нәтижелерін рәсімдеу кезінде техникалық қателіктің жіберілуі;

☐ өзге де _____.

Апелляцияның негіздемесі

Қоса берілетін құжаттар (болған жағдайда)

«__» _____ 20__ жыл

Талапкердің қолы _____

Өтініштің қабылданғаны туралы белгі

Өтініш қабылданды

«__» _____ 20__ жыл

_____ сағ. _____ мин.

Тіркеу № _____

Апелляциялық комиссияның хатшысы

Қолы _____

Т.А.Ә. _____

№ _____
**АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫНЫҢ
ХАТТАМАСЫ**

Отырыс күні: «__» _____ 20__ жыл

Басталу уақыты: _____ сағ. _____ мин.

Аяқталу уақыты: _____ сағ. _____ мин.

Өткізу орны: _____

Білім беру бағдарламаларының тобы: В042 – Журналистика және репортерлік іс

Білім беру бағдарламасы: 6В03201 – Журналистика

ҚАТЫСҚАНДАР

Апелляциялық комиссияның төрағасы

Апелляциялық комиссияның мүшелері

1. _____
2. _____

Апелляциялық комиссияның хатшысы

ҚАРАЛДЫ

Талапкердің өтініші

Тегі, аты, әкесінің аты

Өтініштің берілген күні: «__» _____ 20__ жыл

Тіркеу № _____

Шығармашылық емтиханның түрі

- ☐ бірінші шығармашылық емтихан (эссе)
- ☐ екінші шығармашылық емтихан (әңгімелесу)

Апелляция берудің негізі

- ☐ шығармашылық емтиханды өткізудің белгіленген тәртібінің бұзылуы;
- ☐ бағалау критерийлерінің дұрыс қолданылмауы;
- ☐ нәтижелерді рәсімдеу кезінде техникалық қателіктің жіберілуі;
- ☐ өзге де _____.

Қаралған материалдар

- ☐ талапкердің өтініші;
- ☐ тиісті шығармашылық емтихан нәтижелерінің тізімдемесі;
- ☐ емтихан комиссиясы отырысының хаттамасы;
- ☐ жазбаша жұмыс (бірінші шығармашылық емтихан нәтижелері қаралған жағдайда);
- ☐ шығармашылық портфолио материалдары (болған жағдайда);
- ☐ шығармашылық емтиханды өткізу тәртібінің бұзылғаны туралы акт (болған жағдайда);
- ☐ бейнетіркеу материалдары (болған жағдайда);
- ☐ өзге де құжаттар.

АНЫҚТАЛДЫ

ҚАУЛЫ ЕТТІ

- ☐ шығармашылық емтиханның нәтижесі өзгеріссіз қалдырылсын;
☐ шығармашылық емтиханның нәтижесі өзгертілсін.

Жаңа нәтиже (өзгертілген жағдайда):

_____ балл

Қабылданған шешімнің негіздемесі

Апелляциялық комиссияның төрағасы

Қолы _____

Т.А.Ә. _____

Апелляциялық комиссияның мүшелері

№	Қолы	Т.А.Ә.
---	------	--------

1

2

Апелляциялық комиссияның хатшысы

Қолы _____

Т.А.Ә. _____

Хаттаманы рәсімдеу күні: «__» _____ 20__ жыл

Апелляциялық комиссияның шешімімен таныстым

Талапкер

Қолы _____

Т.А.Ә. _____

Күні: «__» _____ 20__ жыл

☐ Қол қоюдан бас тартты.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНҒА ҚАТЫСУ ҮШІН ТАЛАПкерлерді Тіркеу парағы

Емтихан өткізілетін күні: «__» ____ 20__ жыл

Шығармашылық емтиханның түрі:

☐ бірінші шығармашылық емтихан (эссе)

☐ екінші шығармашылық емтихан (әңгімелесу)

Білім беру бағдарламаларының тобы: B042 – Журналистика және репортёрлік іс

Білім беру бағдарламасы: BV03201 – Журналистика

Өткізу орны: _____

№	Талапкердің тегі, аты, әкесінің аты	Жеке басын куәландыратын құжат		Тіркелген уақыты	Жіберілді	Жіберілген жоқ
		Құжаттың түрі	Сериясы мен нөмірі			
1					☐	☐
2					☐	☐
3					☐	☐
...					☐	☐

Тіркеу қорытындылары

Тіркелген талапкерлер саны _____

Емтиханға жіберілген талапкерлер саны _____

Емтиханға жіберілмеген талапкерлер саны _____

Келмеген талапкерлер саны _____

Жібермеу негіздері (болған жағдайда толтырылады)

№	Талапкердің тегі, аты, әкесінің аты	Жібермеу негізі
1		

Емтихан комиссиясының хатшысы .

Қолы _____

Т.А.Ә. _____

Күні: «__» ____ 20__ жыл